



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛАСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№48

(19531)

3 сәуір,

сейсенбі

2018 ЖЫЛ

www.syrboyi.kz

ӘРБІР БАҒЫТ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРАДЫ

Будан бұрын хабарлағанымыздай, Қазақстан Республикасы Парламентінің бірқатар депутаттары облысымызда іс-сапармен жүр. Соның ішінде ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасының орынбасары Владимир Божко шыны зауытының жұмысымен танысты. «Orda Glass» ЖШС басқарма төрағасы Ержан Сағымбаев мәртебелі мейманға еліміздің индустриалды-инновациялық даму стратегиясына толымды үлес қосатын жоба жайын тарата айтып берді.



Ержан Сағымбаев атап өткендей, «Orda Glass» қытайлық «China Triumph International» компаниясымен бірлесіп жұмыс жасауда. Зауыттың құрылыс заттарын тасымалдаумен әлемге белгілі компаниялар айналысады. Зауыт жылына 197 мың тоннадан астам табақша шыны шығармақ. Ең бастысы, шыны өндірісіне қажетті шикізаттың 95 проценті өзімізден табылып отыр. Яғни, Арал ауданының кварц құмы, доломит пен әк тасы пайдаланылады. Тек сырттан келетін кальцийлендірілген сода шикізатын болашақта «Аралтұз» АҚ-мен біріге отырып, өңірімізде өндіру жоспарланады.

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында салынып жатқан шыны

зауыты толық іске қосылған кезде соңғы технологиялармен жабдықталған әлемдегі үшінші зауыт болмақ. Өзірге мұндай зауыт тек Жапония мен Қытайда бар. Кәсіпорын құрылысын Қытай еліндегі шыны өндірісінің көшін бастап тұрған «China Triumph International» компаниясы жүргізіп жатыр. Алдағы уақытта жергілікті мамандарды тәжірибе алмасу мақсатында шет елдерде оқыту жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, Ержан Сағымбаев шыны зауыты жұмысын бастағаннан кейін мұнда «Apple», «LG», «Nokia» сынды ірі компаниялардың өнімдері – планшет, смартфон және өзге де гаджеттерге арналған ультратон жұмысшылар өндірілетінін айтты.

– Олан бөлек, зауытта микроскоп, дүрбілерге де арнап өнімдер шығару қолға алынбақ. Зауыт жұмысын жолға қойып, аяққа тұрғаннан соң ғарышқа жасалмаған, сондықтан ата-аналар балаларының жақсы үйде тұрғанын қалайды. Енді жаңа жатақханалар жайлы жабдықталып, тұрмыстық қажеттіліктер ескеріліп салынады.

Мемлекет басшысының Парламент палаталарының бірлескен отырысында ұсынған 5 әлеуметтік бастамасын жүзеге асыруда аймақтарға артылатын міндет салмақты. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар

басқармасында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Наталья Жұмаділдаева, Балайым Кесебаеваның қатысуымен бес әлеуметтік бастаманы талқылаған жиын өтті.

Бүгінде халықты баспанамен қамтамасыз ету, жалақысы төмен жұмысшы, қызметкерлерге салықтық жеңілдіктер жасау, жастардың білім алуы және жатақханамен қамтылуына байланысты орындалатын міндеттер мен кәсіпкерлікті дамыту негізгі жұмыс бағытына айналды.

Өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін атқарылатын жұмыстардың аясында жеңілдетілген шағын несие беру неғұрлым тиімді тетік.

– Аймақта 2017-2021 жылдарға арналған «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасын жүзеге асыруға 4 млрд 600 миллион теңге бөлінді. Қазір 6000-ға тарта адам қатысушы ретінде тіркелген. Елбасының бастамасында шағын несиемендіруге биыл қосымша 20 миллиард теңге бөлу мәселесі көтерілді. Оның 1 млрд 600 миллион теңгесі біздің облысқа қаралып отыр, – дейді басқарма басшысы Талғат Дүйсебаев.

Елбасының 5 бастамасының бірінші бағыты құрылыс нарығына үлкен серпіліс әкеледі. «7-20-25» тұрғын үй бағдарламасын бастау үшін жол картасы әзірленген, жауапкершілік Ұлттық Банкке жүктелген. Ипотекалық несие беру тамыз айынан басталады. Ал жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту бастамасы 2019 жылдың басынан бастап жүзеге асырылады. Бұл туралы депутат Б.Кесебаева сөз тарқатты.

Елбасы ай сайын ең төменгі есептік көрсеткіштің 25 еселенген көлемінен аз, яғни 60125 теңге жалақы алатын азаматтардың табыс салығын азайтуды тапсырды. Демек 2-млн-нан астам адамның айлығы жұмыс берушіге салмақ салмастан көбейеді, – деді ол.

Білім гранттарының көбеюі оқуға ынтыла жастарды қанаттандырады. Жанадан қосылған 20 мың гранттың басым бөлігі техникалық және ауыл шаруашылығы бағытындағы мамандықтарға бөлінеді. Ал жатақхана құрылысы бойынша Білім және ғылым министрлігі қажеттілік картасын жасаған. Депутат Н.Жұмаділдаева осы мәселе жөнінде сөз қозғалды. Жатақханада орын бар, бірақ студенттердің көбі пәтер жалдап тұрады. Себебі, жатақханалардың басым бөлігінде тұруға жағдай жасалмаған, сондықтан ата-аналар балаларының жақсы үйде тұрғанын қалайды. Енді жаңа жатақханалар жайлы жабдықталып, тұрмыстық қажеттіліктер ескеріліп салынады.

Шағын несие ауылдағы кәсіпкерліктің дамуына үлкен ықпал жасайды. Бүгінде елімізде шағын және орта бизнестің үлесі – 27%. Бір шағын несие арқылы орта есеппен 2-3 жаңа жұмыс орны ашылады.

Елбасы ұсынған бесінші бағыт бойынша «Сарыарқа» бағдарламасы жүзеге асады. Жоба арқылы 2,7 миллион адам газбен қамтылып, елдегі шағын және орта бизнес, өндірістің ауқымы кеңейеді. Жиын

соңында қатысушылар депутаттарға сауал жолдап, заң талаптарындағы кейбір түйінді мәселелерді айтып, ұсыныс білдірді.

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Б.Еламанов, М.Бақтиярұлы Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамуың жаңа мүмкіндіктері» атты дәстүрлі Жолдауын және «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» үндеуін Қызылорда қаласының активімен бірге талқылады.

Жиында сенаторлар ел дамуының серпіні, жаңа қарқын беретін бағдардың артықшылықтары, күтілетін нәтижелері туралы айтты. «Бес әлеуметтік бастаманың» Қызылорда қаласында қолға алынған ауқымды істерге тигізер оң әсері мол болмақ. Өсіресе, жұртшылық жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту, жоғары білім алуының қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту бастамаларынан үлкен үміт күтіп отыр.

Қызылорда қаласында соңғы жылдары ондаған жаңа ықшама аудандар салынғанын ескерсек, «7-20-25» бағдарламасы құрылыс салынып отырған дамуына негіз қалайды. Ал шағын несие беруді көбейту – жаппай кәсіпкерлікті дамытудың қозғаушы күші әрі халық тұрмысын жақсартудың неғұрлым тиімді тетігі. Бұл жұмыс белсенді түрде жалғасқанда мыңдаған адам өз ісін ашуға мүмкіндік алады.

Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары В.Божко, Мәжіліс депутаты К.Абстаров жұмыс сапары барысында «Қорқыт ата» кешенінде болды.

Ұлы жолдың бойындағы мемориалдық кешен жаңа келбетке иеленіп, мұнда тоқтайтын, арнайы келетін туристер қатары көбейген. Былтыр жаз бойы ЕХРО халықаралық көрмесін тамашалаған 13 мыңнан астам турист «Қорқыт ата» кешені мен «Байқоңыр» айлағана да арнайы келген.

Кешен басындағы 3 экспозициялық залдан тұратын музейге ескі дәуірдің тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін құндылықтар мен жәдігерлер қойылған. Қордағы 700-ге жуық экспонат келушілердің қызығушылығын тудыратын мәнге ие.

Кармақшы ауданының Дүр Оңғар ауылында Мәжіліс депутаты Б.Кесебаеваның жұртшылықпен кездесуінде ауыл тұрғындары А.Құлғараев, Б.Пірдашов, Л.Дайрабаева өздерін толғандыратын сауалдарын қойды. Сол күні депутат «Ақтабе және К» ЖШС-да болып, күрші өңдеу зауытының жұмысымен танысты. Аудан орталығындағы 300 орындық жаңа мектеп құрылысын көріп, аграрлық-техникалық колледжде студенттермен, оқытушылармен кездесті.

«Сыр бойының» тілшілері.

ЕҢБЕК ЕРІ



ШОЙЫН ЖОЛДА ШЫҢДАЛҒАН...

Бала болып, алаңсыз ойнаған кезі есінде қалмапты. Оның есесіне, майдаға аттанған үлкендердің орнын басып, еңбек етті. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұран аясындағы қауырт жұмыс өзі секілді көгенкөздердің көмегімен атқарылатын.

Бүгінде тоқсанға таяп қалған Оразбай аға кешегісін ойлағанда көз алдына балалығын соғыс ұрпаған қатарлары келе қалатынын бар.

Бағыны еске салатын сол бейнелермен қатар Мұқағали ақынның:

Онда мен он жастамын, он жастамын,
Соғыспай-ақ, сұранып жол басқанмын.
Атаңнан қалып қойған мұраны мен,
Әженмен бірге жүріп қорғасқанмын, – дейтін өлеңі де еске түсе қалады.

Сырдария ауданының «Қызылегінші» колхозында туған Оразбай аға соғыс басталған шақта он бір жасты енді толтырып еді.

– Біз шаршау дегенді білген жоқпыз. Қанша қалжыран тұрсақ та, ертеңгі күннің қамы көсіліп жатуымызға мұрша бермейтін. Қан майданда қару асыған аға, көкелеріміздің орнын жоқтатпауға тырыстық. Бір уыс бидаймен өзек жалғап, Жеңіске тамшыдай болсада үлес қостық, – дейді ардагер кешегі күн туралы үзік-үзік сыр бастағанда.

Соғыс тек жеңіспен бітпейді екен. Жауды талқандағаннан кейінгі туралаған ел тұрмысын түзетуге қатысты. Бұл да майдан. Қолына қару алып, жауға кезеңбегені болмаса, бейнетті белден кешті. Қызылорда қаласындағы №11 теміржол училищесіне түскенде ғана бозбаланың алдағы өмір сапарына бір жарық сәуле түскендей болған.

Училищенен кейін депода слесарь болып жұмыс істеді. Қанаты қатайып, үлкен ағаларымен иық тіресе еңбектенді. Мұнан кейін паровоз, локомотив депосында абыройлы қызметтер атқарды. Елуінші жылдар барлық салаға да жаңалық ене бастауымен есте қалды. Солардың қатарында Қызылорда локомотив депосы тепловоз тартымына көшіп еді. Оразбай Әбішев осы жанадан құрылған тепловоз жөндеу цехына ауысты. Бір мекемеде табан аудармай 35 жылға жуық еңбек етті. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Шойынжолда шираған маманға басшылық тепловоздың электрілі қозғалтқыш құрылғыларын жөндеуді сеніп тапсырды. Бұл істі де еркін еңсеріп, электроцехтан көтерме цехына ауысты. Еңбекқорлығының арқасында аз уақыт ішінде 6-шы санатты тепловоз жөндеуші-слесарь атанып, рационализаторлық ұсыныстарын ұтымды пайдаланған Оразбай Әбішұлының аты бүкіл Одақ теміржолына тарды. Ізденгіш те, іскер маман дайындау цехының бригадирі, тепловоз жөндеудің аға слесарь-сынақышы мамандықтарын мінсіз атқарып, өндіріске 50-ден астам рационализаторлық ұсыныс енгізді. Экономиканың күретауына саналатын салаға сіңірген еңбегі үшін Оразбай Әбішев 1981 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын иеленді.

Тұмырының 52 жылын теміржолға арнаған маман іселген марапаттар қатарында екі «Ленин» ордені, «Қызылорда қаласының құрметті азаматы», «Құрметті теміржолшы» атағы, Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің «Еңбек ардагері» төбелгісі бар.

Жалпы, Сыр бойы еліміздің өзге өңірлеріне қарағанда теміржол көлігімен ерте таныс болған аймақ. Сол себепті Кеңестер Одағы кезінде Сыр бойынан шыққан мамандар қарым-қабілетімен ерекше бағаланды.

Осы саладағы санаулы ғана Социалистік Еңбек Ері қатарындағы ағамызбен қызметтес болған үзентгістері ол туралы «Адалдық пен адамгершілікті бірінші орынға қоятын, парасатты еңбек несі» дегенді айтпай.

Бүгінде тоқсанның төріне жасындаған Оразбай ақсақалдың үлкен ұлы Сарсенбай өзге мамандықты таңдапты. Ал қыздары Рахия, Сарсенқұл және Сайлауқұл әке жолын жалғап, теміржол саласында еңбек етіп келеді. Ұл-қыздарынан 10 немере, 4 шөбере сүйіп, қызығын көрсе.

Оразбай аға Сыр елі теміржолшылары үшін ерен еңбектің символына айналды. Ізбасарларына бар білгенін үйретумен келеді. Осы бағытта өтетін барлық іс-шараларға белсене араласып, кейінгі буынға өнегелі әңгіме шертеді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

ТІЛШІ – ЕЛДЕН

«БАЙТАБЫННЫҢ» ЖАҢА БИІККЕ БЕТАЛЫСЫ

Жалағаш ауданында ауыл шаруашылығы саласы бойынша 14 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 100-ден аса шаруа қожалығы, жұмыс жасайды. Соның бірі – жиырма жылға таяу жемісті еңбек етіп келе жатқан, Сапар Мұханов басқаратын «Байтабын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Өткен жылы ауданда көш бастап, «Үздік шаруашылық» атанған ұжым биыл да табысқа жетуге бел буып, осы сәттен көктемгі дала жұмыстарына кірісіп кетті.

Еңбеккерлер бүгінде 228 гектар жана жоңышқа, 475 гектар ескі жоңышқа, 50 гектар мақсары, 80 гектар бидай ету жұмыстарын аяқтап, күрші егісіне қам жасап жатыр. Шаруашылықта биыл 1327 гектар күрші егіледі деген жоспар бар. Оған қажетті техника толығымен дайын. Себебі, мұнда соңғы бес-он жылда 1,5 млрд теңгеге жаңа маркалы ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынған. Жылдағы дәстүр бойынша, шаруашылық механизаторлары көктемгі егіс жұмыстарын ерте аяқтап, күрші шаруашылықтарға көмек береді. Байқап қарасақ, бұл да қосымша табыс көзі. Серіктестік төрағасының айтуынша, техникаларды жалға беруден түскен

табыстың 80 проценті механизаторлардың еңбекақысына қосылып отырады. Олан бөлек, екпінді еңбек қарқынына қарай берілетін сыйақылары өз алдына. Жалпы, өткен жылы серіктестік жұмысшыларына 150 млн шамасында еңбекақы берілген. – «Байтабын» серіктестігінің құрамында төрт шаруа қожалығы, 125 адам жұмыс жасайды. Оның ішінде үш бригаданы басқарып келе жатқан Б.Ділдабеков, Д.Торекұлов, А.Берістенов сияқты көп жылдық тәжірибесі бар, білікті де іскер азаматтардың еңбегі ерекше. Соның нақты дәлелі, шаруашылық құрылғылы осында еңбек ететін, бүгінде 1-ші бригада жетекшісі Болат Ділдабеков өткен жылы «Еңбек

данқы» орденін иеленді. Біле білсек, бұл шаруашылықтағы барша еңбекші қауымның берекелі ісінің үлгісі, – дейді серіктестік төрағасы. Сондай-ақ, ол қаржы-шаруашылық жұмыстарының жүйелі жүргізілуінде есеп бөлімі қызметкерлерінің еңбегі зор екенін атап өтті. Расында, қандай бір мәселенің де шешімі қаржыға келіп тірелетіні жасырын емес. Осы тұрғыдан алғанда, олардың өз саласы бойынша жеткен жетістіктері бір төбе екен.

Ел алдында еңбегімен қадірлі Сапар Мұханов – осы Бұқарбай батыр ауылының тумасы. Жастайынан дала жұмыстарының дүбіріне ілесіп, ауыл тірлігінің жай-жапсарын жадына түйіп өсті. Сондықтан болар, еңбек жолында жиған мол тәжірибесін туған ауылының тұрмыс-тіршілігін нығайтуға бағыттады. Ауылдың әлеуметтік саласын көтеруге атсалысты. Қазақ Ауыл шаруашылығы институтын бітірген ғалым-агроном елдегі егін шаруашылығының табысын еселеуге аябай күш-жігерін жұмсап келеді.

“БИЛІГІ ЖЫЛЫ «БАЙТАБЫН» ЖШС АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАСЫН КӨТЕРУГЕ 50 МЛН ТЕҢГЕ ҚАРЖЫ САЛУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР. ОНЫҢ АЯСЫНДА АУЫЛ ОРТАЛЫҒЫН АБАТТАНДЫРУ, КӨШЕЛЕРДІ ЖӨНДЕУ, ҚОРНЕКТІ АРКА ОРНАТУ, СОНДАЙ-АҚ СЕРІКТЕСТІККЕ ЖАҢА ИМАРАТ САЛУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН БОЛАДЫ. ИӘ, БАЙТАБЫНДЫҚТАРДЫҢ БАСТАМАСЫ ОСЫНДАЙ. БІЗ БАРҒАНДА АУЫЛДАҒЫ ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚЫЗУ КІРІСКЕН ЕҢБЕККЕРЛЕРДІҢ БАЙЫПТЫ ТІРЛІГІНЕН БЕРЕКЕЛІ ІСТІҢ БЕЛГІСІ БАЙҚАЛДЫ.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы». Жалағаш ауданынан.



ТАБЫС СЫРЫ – БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІНДЕ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында мемлекетіміздің тұрақты ілгерілеу индексі болып табылатын басты фактор – басқару ісінің алдыңғы қатарға қойылуы тектен-тек болмаса керек.

Осы орайда, биылғы Жолдаудың сегізінші бағыты бойынша тиімді мемлекеттік басқарудың маңызды қағидаттарына ғылыми негіздегі салары да сапалы талдау жасалған деп айтуға болады. Егемен еліміз үшін тағдыры саналатын бұл директивалық құжатта: «Мемлекеттік әкімшілендіру кезінде кәсіпкерлер мен тұрғындардың шығындарын қысқартуға байланысты жұмыстарды жалғастыру қажет. Осыған орай бизнесті реттеуге қатысуды әрі қарай азайтуға бағытталған заң қабылдауды жылдамдау керек. «Бір терезе» қағидаты бойынша бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету үдерістерін цифрландыруды қамтамасыз ету қажет. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциясы «бір өтініш» қағидаты бойынша жекеменшік мемлекеттік қызмет көрсетуден кешенді қызмет көрсетуге көшуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар таңдау монополия субъектілері көрсететін қызметтерінің сапасын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру керек», – делінген.

Жалпы бұл бағытта атқарушы билік органдарындағы өкілеттілердің бірін-бірі қайталап отыруын бойдырмау, мемлекеттік жүйенің кеңінен қатысуы қарастырылып отырған секторлардағы әділ бәсеке қағидаттарының бұзылуына жол бермеу ерекше көзделіп отыр. Осы көрсетілген түйткілді мәселелермен қатар мемлекеттік меншікті басқару тиімділігін көтеруге септігін тигізетін маңызды міндеттер тізбеленіп, оны басқарудың механизмін жетілдіре түсудегі негізгі басым бағыттар ұсынылған. Елбасының бұл жана Жолдауында басқару тәсілдерін тиімділігін бағалаудың критерийлеріне бүгінгі күн тұрғысынан алғандағы кең ауқымды шолу беріліп, келешекке бағдарланған қазіргі заманғы даму үрдістеріне сай зерделеу жүргізілгендігі айдан-анық. Сол сияқты қазір жүзеге асырылу үстіндегі өңірлік саясатта аймақтардың шығындарын тенеңдетіру түсетін жеке табыстың арта түсу көрсеткіштері одан әрі ұлғая беруді де қарастырылған. Бұл үдеріс фискальды орталықсызландыру шеңберінде кіші және орта бизнестен алынатын корпоративтік табыс салымын облыстық бюджеттерге де беру мәселесін кезек күттірмей шешуді қажет ететіндігін сала маманы ретінде еске ала кетуді жөн санаймын.

Осы аталған міндеттер үдесінен шығу жолындағы нақты атқарылар іс-қимыл, кешенді жоспарларды қамтитын бағдарламалық құжатта Елбасымыз: «2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2 мыңнан астам адам тұратын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар мен ауылдық округтерде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті мен коммуналдық меншігін енгізу заң жүзінде белгіленген. 2020 жылдан бастап бұл нормалар барлық елді мекендерде күшіне енеді. Салықтық және салықтан тыс басқа да түсімдердің 7 түрі, сондай-ақ шығындардың 19 бағыты ауыл бюджетіне берілді. Бұл жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу үшін халықты тартуға мүмкіндік туғызды. Сонымен қатар мемлекеттік органдар нақты уақыт және желел жауап беру рәжіміне азаматтардың ескертілдері мен ұсыныстарын есепке алу үшін заманауи цифрлық технологияларды қолдануға тиіс», – деп елімізде кеңінен қолға алынып, дәйектілікпен жүзеге асырылып жатқан қазіргі заманғы басқару тетіктерінің, іс үстіндегі қаржылық қалағалау институты қаламдарының қаршыты даму бағыты мен нысаналы мақсатын тағы да нақтылап, тұжырымдап беріп отыр.

Елбасының биылғы Жолдауындағы «Тиімді мемлекеттік басқару» деп аталатын бағытта біз осы қазір қарастырып отырған саладағы жүргізілетін сан алуан тексерулер барысында тиісті талаптардың бұзылуына кепіл болып табылатын қолданыстағы заңдардың іске асырылуын қамтамасыз ету назарға алынған. Сондай-ақ, мемлекеттік меншікті басқарудың және оны нысаналы түрде пайдаланудың заңдылығына жүргізілетін бақылаудың пәрменді жүйесін құру бойынша бағдарланған бірқатар шаралар кешені ұсынылған. Мұның бәрі де, сайып келгенде, жас мемлекеттіміздің одан әрі нық қадаммен ілгерілеуі беруіне сенімді қызмет етері сөзсіз деп санаймын.

Сыр елінің еңбеккер қауымы да Президентіміздің жана Жолдауына қолдау білдіріп, еселі еңбек ете береріне сенімсіз кәміл.

Б. СМАҒҰЛОВА,
облыс бойынша
ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің
бас маманы, мемлекеттік аудитор.

НҰР ОТАН

«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында «Кедергісіз келешек» және «Бақытты отбасы-бақытты балалық шақ» партиялық жобалары аясында мүмкіндігі шектеулі балалардың қолөнер бұйымдары көрмесі өтті.

ЖАС ШЕБЕРЛЕРГЕ ЖЕТЕКШІ ПАРТИЯ МАРАПАТЫ

Мүмкіндігі шектеулі балғындардың өнерін жұртшылыққа танытып, қоғаммен байланысын арттыруды көздеген шараны «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев ашып, жас шеберлерге шығармашылық табыс тіледі.

– Мемлекет басшысы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев өз Жолдауында әлеуметтік мәселелерге ерекше тоқталып, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолдау көрсетуді қоғам болып жүзеге асыруды үнемі айтып келеді. Бұл бағытта үкімет, жергілікті билік тарапынан мүмкіндігі шектеулі азаматтарға ерекше көңіл бөлініп, көрсетілетін қызмет түрлері жеңілдетіліп отыр. Жетекші партия өзінің

«Қазақстан – 2021. Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» деп аталатын Сайлауалды бағдарламасында халықтың ең мұқтаж топтарына қолдау көрсетуді басты жұмыстарының бірі ретінде белгілеп, «Кедергісіз келешек», «Сәтті қадам» партиялық жобаларын жүзеге асырып келеді. Бүгінгі шара соның бір көрінісі, – деді И.Құттықожаев.

Көрмеге қаладағы 6 арнаулы оналту орталықтарынан 76 оқушы қатысып, 200-ге жуық қолөнер бұйымы қойылды. Үздік деп танылған туынды иелері партия филиалы тарапынан бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

БАЙҚАУ

ҮГІТ-НАСИХАТ ҮЗДІКТЕРІ

А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде облыстық білім қызметкерлері кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен «Жолдау жолымен білім бітігін» атты саласы қызметкерлері арасында облыстық үгіт-насихат бригадалар байқауы өтті.



Байқау Елбасы Жолдауын, сонымен қатар «Рухани жаңғыру» бағдарламасын кеңінен насихаттауға арналды.

Байқауда Арал ауданынан «Самға», Қазалы ауданынан «Қорқыт жастары», Қармақшыдан «Руханият», Жалағаш ауданынан «Білім тарландары», Сырдария ауданынан «Яксарт», шиелілік «Алтын ғасыр» мен Жаңақорған жастарынан құралған «Бәйтерек», Қызылорда қаласынан «Жаңғыру жаршысы» командалары бақ сынасты. Командалар қойылған талапқа сай жоғарғы деңгейде өнер көрсетті. Байқауға қатысушы топтарға облыстық кәсіподақ комитетінің төрайымы Райқұл Байназарова, облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы Нұрлыбек Мынжас, Қорқыт ата атындағы КМУ доценті Рабига Тасбергенқызы және Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығы төрағасының міндетін атқарушы Марат


Серікбайұлы сынды білікті мамандар қазылық етті.

Байқау қорытындысы бойынша «Үздік сценарий» номинациясын «Алтын ғасыр» командасы, «Үздік насихаттаушы» номинациясын – «Қорқыт жастары», «Үздік әуенді ұжым» номинациясын – «Жаңғыру жаршысы», «Жанрлық ерекшелік» номинациясын «Самға» командасы иеленсе, «Ең үздік үгіт бригада» аталымы мен Астана қаласына 3 күндік саяхатты Қармақшы ауданының «Руханият» командасы иеленіп, жеңімпазы атанды. Қатысушы барлық команда мүшелеріне сыйлықтар мен алғыс хаттар табысталды.

Мадияр МАХАМБЕТҰЛЫ,
Қорқыт ата атындағы
КМУ-дың
4-ші курс студенті.

BAĞDAR

Президент Қазақстан халқын тұрғын үймен қамтамасыз етудің тиімді жолдарын жариялады. Осы орайда облыс әкімі Қ.Көшербаевтың бастамасымен «Орда» тұрғын үй құрылысының жол картасы қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін жыл сайын облыстық бюджеттен 2 млрд теңге бөлініп, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында бой көтеріп жатқан несиелік тұрғын үйлер сатып алынып, тұрғындарға алғашқы жарнасыз және кейін сатып алу құқығымен ай сайын жалпұл төлеу шартымен берілетін болады. «Біздің облыстағы «Орда» бағдарламасы Елбасының «7-20-25» бағдарламасының лайықты қосымшасы болады», – деп атап көрсетті облыс әкімі жуырда ғана Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Үкімет басшысы Б.Сағынтаевпен өткізілген жиында. Жалпы, бұл орайда Орталық атқарушы билік органдарында қандай шаралар қолданылуда?



ТҰРҒЫН ҮЙ АЛУДЫ НЕСИЕЛЕНДІРУ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

Жақында ғана Ұлттық Банк ресми ақпарат таратып, 2018 жылдың екінші жартысынан бастап банктер «7-20-25» бағдарламасы негізінде ипотекалық кредиттер бере бастайтынын жариялады.

Бірінші жартыжылдықта барлық дайындық шараларын аяқтап, жылдың екінші жартысынан бастап, банктер жана бағдарлама аясында несиелену бастайды деп күтілуде. Бұл кредиттердің алғашқы бөлігі ресімделсе салысмен біздің компания, еншілес ұйымдар аталған кредиттерді сатып алу, механизм іске қосылады, – деп мәлімдеді Үкімет отырысында Ұлттық банк төрағасының орынбасары Олег Смоляков.

Бұл ретте «7-20-25» бағдарламасы «Нұрлыжер» мемлекеттік бағдарламасымен біріктіріледі. 5 жыл ішінде бағдарлама менгерушісі – Ұлттық банктің еншілес ұйымы 1 трлн теңге көлемінде зәйімдар береді. Смоляковтың айтуынша, банктер ипотека ретінде бір жылға 70-80 млрд теңге бөледі. 20 млн теңге несиелен алған адамның айлық төлемакысы 140 мың теңге болады. Тиісінше, 7 млн теңгеге не болған қарыз алушы айына 50 мың теңге төлеуі тиіс. Осы орайда басты қаржылық қалағалаушы орган бағдарламаны жүзеге асыруды төрт негізгі кезеңге бөліп қарастырды. Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов те Ұлттық банк жазыған механизм негізінде сәуір айында «Нұрлы жер» бағдарламасына өзгерістер енгізілетінін хабарлаған. Аталған өзгерістер негізінде тұрғын үй

құрылысының көлемі артады, сондай-ақ «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» тұрғын үй зәйімдарын беру параметрлері қайта қарастырылады.

Кейбір сарапшылар ипотекалық жана несиеленудің берілуі өз кезегінде тұрғын үй бағасының қымбаттауына әкелуі мүмкін – дейді.

«7-20-25» бағдарламасы азаматтардың төлем қабілетін және құрылыстың даму қарқыннан арттырады. Балтыр ішінде айында басталған «Нұрлы жер» ипотекалық несиелендіруді субсидиялау бағдарламасы сатып алу-сату жағдайында өсімді алып көрсетті. Бұл тұрғын үйге деген сұраныс бар екенін, халықты қолжетімді қаржылық құралдармен қамту керек екенін, сол құралдың бірегейі – ипотека екенін айтқайды. Жылдық 7 процент – орта табысты қазақстандық үшін қолайлы мөлшерлемелер. Егер бір адам 25 жылға 20 млн теңге жылнама 7 процентпен, алғашқы төлемі үй құнының 20 проценті негізінде алатын болса, онда ол айына 113 000 теңге төлейді. 20 миллионға екі немесе үш бөлмелі пәтер алуға болады. Үйде екі адам да жұмыс істеп тұрса, аталған қаражатты төлеу қиын емес. Дегенмен, төлеу мерзімі ұзақ болған сайын, артық төлеу де арта беретінін ұмытпау керек. Сол себепті, кредитті барынша қысқа мерзім ішінде жауып тастауға тырысқан дұрыс. Бағаға келер болсақ, жыл басынан бері жылжымайтын мүлік нарығында тоқыраудың азайып

жатқанын аңғарамыз. Тұрғын үй бағасына макро және микроэкономикалық факторлар көп әсер етеді. Ең маңызды факторлар – құрылыстың өзіндік құны және сұраныс. Яғни, алдағы уақытта тұрғын үй құнының өсімі күтіледі, – дейді білікті сарапшылар.

Жыл басынан бері елімізде тұрғын үй бағасы біршама қымбаттаған. Бірақ бұған қосымша айтармыз, екінші рынокта баға арзандағандар қатарында Қызылорда облысы алда келеді.

«Қазақстан Халық банкі» АҚ басшысы Үміт Шаяхметова отандық БАҚ-қа берген сұхбатында «7-20-25» күрделі жоба екенін айтты.

– Бұл арзан ипотеканы 25 жылға алу мүмкіндігін береді. Бұл – сөз жоқ, халықты қолдау. Алайда қазір бағдарлама туралы егжей-тегжейлі әлі білмейміз, тек Ұлттық банктің еншілес компаниясы пайда болатыны ғана белгілі. Бұл схема қиындау. Біз басқаша жол ұсынған едік – екінші деңгейлі банктерге 3 проценттік маржамен (айырым) ақша беру және қарыз алушы үшін түпкілікті мөлшерлемесі – 7 процент. Аталған бағдарлама ақшаны тез игеріп кетуге мүмкіндік беруші еді. Сонын банктер процентсіз жұмыс істей алмайды. Онда мемлекет үнемі банктерге көмектесіп, капитал салып отырады. Біз сүйеніп отырған орташа маржа – операциялық шығындар, желінің қолдау, қызметкерлерге жалақы беру деген сияқты қызметтерге кетеді. Сол себепті, мемлекет тарапынан 3-4 процент банк маржалары болса деп

айтып отырмыз, – дейді Үміт Шаяхметова.

Жуырда жана жана ипотекалық бағдарламамен қатар Қазақстан ипотекалық компаниясы (КИК) және «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» өз қызметтерін жалғастыра беретіні айтылды.

Қазіргі таңда жана бағдарламаға деген көпшілік қызығушылығы жоғары.

Сарапшылар да осы жолы жана ипотекалық жобаға қатысушылар саны әлеттегіден көп болады деп болжап отыр. Айдың соңындағы нақтылы талап пен тәртіп бекітіліп, сәуір мен мамырдағы түбірлі өзгерістер «7-20-25» бағдарламасын нақты жобаға айналдырады.

Ұлттық банк басқармасы жақын уақытта 100 проценттік еншілес арнайы компания құру мәселесін қарастырады. Жана компанияның капиталы Ұлттық Банк қаражаты негізінде қалыптасалды. Екінші кезең – аталған компаниялардың қаржылық агенттік ретінде қалыптаса бастауы. Компаниялардың облигациясы үшін – мемлекеттік құнды қағаздарға салынғандай салық жүйесі салынады. Бұл тұрғыда Ұлттық банк тиісті заң жобасын Үкіметке жолдайды.

Бұл орайда болашақ борышкерлер қаржылық тұрғыда төлем қабілеттілігін растауы тиіс. Бағдарламаға ресми табысы бар қазақстандықтар қатысады. Қазір банктер нақты талаптарды айқындап жатыр.

Өзірлеген Ж.ӘЛМАХАН.



БІЛІКТІ МАМАНДАР МЕРЕЙІ

Мемлекеттік қызмет органдарына 20 жыл толуына орай Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаментінің ұйымдастыруымен «Мемлекеттік қызметшілер әулеті» атты тақырыпта үздік бейнеролик байқауы өтіп, жеңімпаздар анықталды.

Жиында департамент басшысы Абзал Мұхимов өскелең ұрпақтың мемлекеттік қызметке деген қызығушылығын арттырып, отбасы мүшелерінің ізін жалғастыру, халыққа адал қызмет ету, мемлекеттік қызметті абыройлы атқаруды дәртіптеу мақсатында өткізілген байқаудың маңыздылығын жайында сөйлеп баяндады. Сонымен бірге алдағы уақытта мұндай шаралар жалғасын таба беретінін айтып, жеңімпаздарды марапаттады.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында өткен байқаудың басты мақсаты аймақтағы мемлекеттік қызметшілер династияларын таныстыру болды.

Биылғы жылдың 16-19 наурызы аралығында өткен сайысқа қалалық және аудандық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілерден 8 сұраным түскен. Байқау шарты бойынша бейнероликте үміткер қызметі, отбасы туралы әңгімелейді.

Айта кетейік, байқауға қатысқан бейнероликтер департаменттің әлеуметтік желідегі парақшасына жарияланып, жеңімпаздарды фейсбук жазылушылары ашық дауыс беру арқылы анықтады.

Байқау нәтижесі бойынша І орынды Қазалы ауданы, Өйтеке кеңінен баяндады. Екінші орынды Арал ауданы, Жіңішкекұм ауылдық округі аппаратының бас маманы Мейрамбек Сатекеев алса, үшінші орынды Қармақшы аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің сектор менгерушісі Мұратбек Тұрғанов иемденді.

Барлық жүлделерлер мен қатысушылар және мемлекеттік салада белсенді қызмет атқарып жүрген бірқатар азаматтар департаменттің Алғыс хаты және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».



Еліміздегі үшінші жоба. Бейімдеу орталығы, заман талабына сай жабдықталған. Мұнда арнайы бағдарлама бойынша әрбір жеткіншек алты айға дейін оналту курстарынан өтеді. Балалармен білікті педагогтар, психологтар мен әлеуметтік мамандар жұмыс жасайды.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

БАРШАМЫЗҒА БІР ӘЛЕМ

Бүгінде әлемде аутистік ауытқулары бар балалар саны күрт артып барады. Осыдан 20 жыл бұрын әр 10 мың балаға шаққанда аутизммен ауырған 3-4 бала тіркелетін болса, қазір бұл сан 10-нан 20-ға дейін жеткен. Мұндай дертке шалдыққан балалар облыста да бар.

Бүкіл әлемдік аутизм туралы ақпараттар тарту күніне орай «Асыл Мира» аутизм орталығы мен «Ұлағат ұлдары» педагогикалық жасағы жастарының ұйымдастыруымен шара өтті. Шараға аутизммен ауыратын балалар мен олардың ата-анасы, белсенді жастар қатысты.

«Асыл Мира» аутизм орталығының жетекшісі Болатбек Айтбергеновтің мәлімдеуінше, орталық екі жыл бұрын ашылған. Осы уақыт аралығында 400-ге жуық бала ем алған.

– Балалар аутизм – психологиялық дамудың бұзылуы, мұндай балалар адамдармен қатынаста және әлеуметтік әрекеттестікте қиындыққа ұшырайды. Ең қиыны – елімізде аутизммен ауыратын балалардың нақты

саны белгісіз. Себебі, ондай дертті дәл анықтап, диагноз қоятын мамандар да аз. Орталыққа бейімделуге тек облысымыздан ғана емес, басқа өңірлерден келіп 3 айлық күрестан өтеді. Барлық балаларға қызмет тегін көрсетіледі, – деді орталық жетекшісі.

Осында ем алушы Ақнұр Бақытжанның анасы Алтынғұл Дүйсенғазиева орталық қызметкерлеріне өзінің алғысын жеткізді. Олар заманауи оналту, түзету және консультациялық көмек алып қана қоймай, әр түрлі ойындар арқылы дамыту сабақтары өтетінін айтты.

Айта кетейік, аутизм дертіне шалдыққан балаларға арналған орталық «Асыл Мира» жеке қайырымдылық қорының ұйытқысымен жүзеге асырылып отырған

Бұрыңғылардың «Талайлар өтті-ау жалғаннан, Көрген адам таңғалған» дегені бар-ды. Бір жағынан ғибратты мол, екінші жағынан күйіншіспен «аһ» ұрып айтылған, өзекті өртер өсі сөз ойға аралған сайын педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Байзақ Көпірбайұлы Момынбаевтың нар тұлғасы көз алдыма келеді. Күн өткен сайын сағынышқа айналған болмысы ірілене түсіп, күлімдеген бейнесі талайлардың жүрегіне мәңгілік із қалдырған ұлағатты ұстаз, білікті ғалымның жүріп өткен жолы, артына қалдырған мол мұрасы әлі күнге дейін іздеушісі мен жоқтаушысын қызықтырып, тамсандырып келеді.

Қасиетті Сыр елінде туып-өскен Байзақ Көпірбайұлы Алматыда білім алды, ғылым жолын бағындырды, шөкірт тәрбиелесді, үлкен қызметтер атқарды.

Қазаққа айтылатын «атадан – өсиетті, анадан – қасиетті» кішкентайынан бойына сіңіріп өскен Байзақ Көпірбайұлы – текті рудың тұқымы. Оның арғы аталары Сәлтекке би Мәмәтқұлы, оның ұрпақтары Тұған би мен Барқы батыр, олардан тараған Науша Батыр, Байназар би, Тобжан би есімдерінің тарихта қалуы, Қармақы өңірінде «Мәмәтек арығы», «Сәлтекте төбесі» атты жерлердің болуы – Алтын руының тарихы тереңде жатқанының куәсі. Байназар билің үш ұлының бірі Көпірбай да тегін адам болмаған деседі, оның адам мен малды сыртынан танып, сынайтын көрегендігін ел-жұрт әлі күнге дейін аузынан тастаған емес.

Байзақтың әкесі – Момынбай өзінің адалдығы мен еңбекқорлығының арқасында аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, ауылдық кеңес төрағасы, колхоз бастығы қызметтерін атқарған өз заманының абыройлы азаматы болды. Момынбайдың елді ұйымдастыру шеберлігі, шаруашылықты дамытудағы қажыр-қайраты атадан балаға аңыз бол жетті. Оның «Қоспаған», «Тасарық», «Қожа-Арық», тағы басқа каналдарды салуға тікелей үлес қосқанын Сыр бойын жайлаған жергілікті халық ұмытқан жоқ. Момынбайдың әсіресе, Сырдария өзені тасығанда, арысынан асқан суды ауыздықтау үшін ұсынған әдісін («жара бұра» әдісі) әлі күнге дейін жұрт жыр қылады. Арнайы білімі болмаса да, табиғаттың өзінен тәжірибе жинақтап, көзі қаракты, қасқыр шеберге айналған мұраб Момынбайдың осы батыл шешімінің арқасында талай адам апаттан аман қалды.

Момынбайдың осы баға жетпес еңбегін есте сақтау мақсатымен көпшіліктің сұранысы негізінде Тасөбекте кентіндегі көшеге есімі (Момынбай Көпірбаев көшесі) берілді.

Бар қазақты аузына қаратқан хакім Абайдың «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан

болады» деген ғибратты сөзі Байзақ Көпірбайұлының өмір жолынан хабар бергендей. Ақылдылық пен адалдық, еңбекқорлық пен жауапкершілік тегінде бар Байзақтың ғылым-білім жолында ұстаздан жолы болды. Ол Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтының қабырғасында оқып жүргенде айтулы ғалымдар И.Сахаров, М.Алишынбаев, И.Қыпшақбаев, А.Ержанов және т.б. ұлағатты ұстаздардан тәлім-тәрбие алды, талаптанды, ғылым қуды. Осында жүріп адал жар кездестірді, жаны таза дос-құрбы тапты. Бұрылысы мен бұралаңы көп сындарлы өмір жолында айналасына жақсы адамды жинауы,

Батыры, аты аңызға айналған партизан, үлкен ғалым С.Батышевтің жетекшілігімен 1991 жылы Свердловск инженерлік-педагогикалық институтында (Ресей) КСРО-да тұңғыш рет инженерлік педагогика саласы бойынша диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін иеленді.

Оның қаламынан туған 24 оқулық пен 5 оқу-әдістемелік құрал, 217-ден ғылыми еңбек, 60-тан астам баяндама мен мақалалар оның ғылымдағы ғұмырын жалғай түсері анық.

«Өзінді билеу – мінез, өзгені билеу – талант» деп жатады. Өзін де, өзгені де

ықылас-пейілімен қызмет етті.

Байзақ Көпірбайұлының осы жолдағы еткен еңбегі, сіңірген қызметін Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, ҚР ҰҒА вице-президенті, академик Т.Есполов былай деп еске алады: «Өжеке қай қызметте болмасын, өзінің жоғары білімділігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен таныла білді. Соның нәтижесінде, мәселен, Қорқыт ата университетінде білім беру сапасын арттырумен қатар шетелдік байланыстарды күшейтті. Канадалық Оңтүстік Альберт технологиялық институтымен біріккен ғылыми жобалар іске асырылды. Университеттің жақ оқытушы-ғалымдары осы университетте және Ұлыбритания, АҚШ, Израиль, Ресей сынды озық шетелдерде өзінің кәсіби біліктіліктерін арттыра отырып, озық тәжірибелер университетте пайдаланыла бастады. Сонымен қатар оның кәсіптік педагогика саласындағы жетістіктері әлемнің дамыған елдерінің ғылыми орталықтарында

ЖАҚСЫ АДАМ – ЕЛҰЫРЫСЫ

жақсылармен дос болуы, жақсы жармен отбасын құруы, жақсы ұрпақ тәрбиелеп өсіруі – Байзақ Көпірбайұлының ау бастан сөзі де, ісі де қадірлі, шын мағынасындағы жақсы ата-анадан алған өнегесінің нәтижесі, «тегіне тартып ұл туар» деген сөздің дәлеліндей деп білеміз. Біз «жақсы» сөзін бекер бірнеше рет қайталаған жоқпыз, қазақтың ұғымндағы «жақсы» сөзінің аясында адами асыл қасиеттің бәрі бар.

Байзақ Көпірбайұлы 1969 жылы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтын бітірген соң алғашқы еңбек жолын Қазақ ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру ғылыми-зерттеу институтының машина-трактор паркін пайдалану зертханасының инженері қызметінен бастайды. Көп ұзамай осы институттың аспирантурасын тәмамдап, біржолата ғылым-білімге бет бұрады. Өзі оқыған Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтының «Тракторлар мен автомобильдер» кафедрасында ұстаздық еткен ол 1981 жылы Ленинград ауылшаруашылық институтында академик И.Қыпшақбаевтың жетекшілігімен диссертациясын сәтті қорғап, техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алады. Сонау Кеңес Одағы тұсында орыс тілінде, оның ішінде техника саласынан ғылымға жұмысты сырт жерде қорғау, шынында да көзсіз ерліктегі пара-пар болатын. Ол институтта қызмет ете жүріп, жоғары оқу орындарындағы кәсіби педагогика, инженерлік педагогика саласы Қазақстанда ғана емес, КСРО-да өзекті мәселелердің бірі екенін ұғынады. Сондықтан Қазақ ауылшаруашылық институтында 1984-1990 жылдар аралығында тұңғыш «Инженерлік пәндерді оқытуда педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасының негізін қалап, менерушісі қызметін атқарды, қалр жинайды, тәжірибемнен айналасына, жас ғалымдарды зерттеу жұмыстарына тартады, қамқорлық көрсетеді. Осы саладағы көп жылғы ізденісінің нәтижесінде Кеңес Одағының

ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрекпен билей білген Байзақ Көпірбайұлы талай жауапты қызметтерді абыроймен атқарды. Саналы ғұмырында Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім проблемалары институтында директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, хатшы-академикті, директордың міндетін атқарушы, осы академияның Кәсіптік білім институтының директоры, Қазақ білім академиясының вице-президенті, президенттің міндетін атқарушы, педагогика ғылымдары бойынша докторлық диссертациялық Кеңестің төрағасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ғылыми кадрлар басқармасының бастығы және т.б. жоғары лауазымды қызметтерді атқара жүріп, ғылымнан бір қол үзбелі. Нәтижесінде 2005 жылы ғылым мен техниканы дамытуға зор үлесін қосқан ғалымдарға арналған Мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері болды. Қайда жүрсе де, кәсіптік білім реформасына үлкен көңіл бөлді, кәсіби педагогиканың іргелі проблемаларымен жүйелі айналысты.

Байзақ Көпірбайұлы түзелсіздік жылдары елдегі кәсіптік білім беруді дамытудың Тұжырымдамасын әзірлеуге тікелей мұрындық болды, қамқат-техникалық мектептер үшін жана негіздік оқу бағдарламаларын және кәсіптік білім беру мемлекеттік стандарттарын дайындауға атсалысты.

Өмір жолындағы үлкен белес – туған жері Қызылордаға келіп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры қызметін атқаруы еді. «Ел елдің бәрі жақсы, өз елін бөрінен жақсы» дегендей, туған елге табан тіреген Байзақ Көпірбайұлы Сыр жеріндегі басты оқу орнын дамыту ісіне бел шешіп кірісті. Осы кезеңде оның тамаша іскерлігіне, ұйымдастыру қабілетіне, басқарып отырған саланы күрделі мәселелерін шебер шеше білетіндігіне қалың көпшіліктің көзі тағы жетті. Университеттегі ірілі-ұсақты проблемалардың оңтайлы шешілуіне барлық қажыр-қайратымен,

жоғары бағаларға ие болды, ғылымдағы ірі жетістіктер қатарынан танылды».

Иә, шынында да өмірінің соңғы жылдары туған жерге туын тіккен Байзақ Момынбаевтың осындай бастамабайлы істерімен бірге ерекше атап өтетін қасиеті – дарынды жастарға ұдайы қамқорлық көрсеткендігі.

Байзақ Көпірбайұлының қоғам мен мемлекет алдында сіңірген ерен еңбегі ескеріліп, әр жылдары Қазақ КСР кәсіптік-техникалық білім саласының үздігі төсбелгісімен, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен, «Парасат» орденімен және Ресей Федерациясы Білім және ғылым министрлігінің «К.Д.Ушинский медалімен», Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Алғыс хатымен», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен және т.б.марапатталды. Ол Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының академигі, Ресей Білім академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

Корея Республикасындағы Каннам университетінің құрметті докторы, Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің «Құрметті профессоры», Сырдария ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді. Облыстық мәслихаттың депутаты болып, талай қордаланған әлеуметтік мәселелердің тиімді шешілуіне де атсалысты.

Иә, мәңгілік ешнәрсе жоқ. Осындайда тағы да хакім Абайға жүгінеміз... «Қыр артынан күн туар, Бір күн дамыл еткізбес. Ой артынан ой туар, Желге мінесен, жеткізбес» дейді ұлы ақын.

Ендігі міндет – біртуар ғалымның есімін мәңгіге есте қалдыру жұмыстарын жандандыру, артындағы мол ғылыми мұрасын кешенді зерттеу.

Бүкіл қазақтың ержүрек батыры Бауыржан Момышұлы «Өлім – тірілерге сабақ» деген екен.

БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚОҒАМДА БІЛІМДІ ОЗЫП ШЫҒАДЫ

«Сыйбалас жемқорлық – қоғамның жегі құрты» деп бекер айтамыз керек. Қоғам заман көпінше қайталау үшін біз ең алдымен таза қоғам қалыптастыруымыз қажет. Біз білімді, көзі ашық, ғылыми өркендеп дамыған, бәсекеге қабілетті түзелсіз мемлекетке өмір сүреміз. Біреуге сый-бап, «жұмысқа алып» дейтін, немесе тамыр-тапсы салып жұмысын бітіруді қалмақ тұтатын жартылай надан көңкірае келмексе кетті. Қазіргі уақыт – білім мен білімді заманы. Аял білім мен білік бар жерде таза бәсекелестік сый қоғам болады. Бәсекелестік қоғамда білімді озып шығады.

Елбасы билығы жариялаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында жемқорлықпен күресуді назардан тыс қалдырған жоқ. Жолдаудың «Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі»

деп аталатын бөлімінде мынадай деректерді келтірді. «Соңғы 3 жылда ғана жоғары лауазымды шенеуніктер мен мемлекеттік компаниялардың басшыларын қоса алғанда, жемқорлық үшін 2,5 мыңнан астам адам сотталды. Осы уақыт ішінде олардың 17 миллиард теңге көлемінде келтірген залалы өтелді» деген Елбасы цифрандыру сыйбалас жемқорлықты тейейтін бірден-бір мүмкіндік екенін айтты.

Жолдауда қоғамның қауіпсіздігі мен тәртібін сақтауда да цифрандыру бізге көп көмек болатынын жеткізген Мемлекет басшысы «Қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында көп-көштерде және адам көп жиналатын қоғамдық орындарда бейнебақылау жүргізетін, азаматтары анықтайтын және жою қозғалысын қадағалайтын интеллектуалды жүйелерді белсенді түрде енгізу керек» деп атап көрсетті.

Ж.ӨБЖӨМН,

облыс бойынша

қазынашылық департаменті

персоналмен жұмыс істеу

бөлімінің басшысы

ДӘНЕКЕРЛЕУШІ МАМАНДЫҒЫН ИГЕРУДЕ

Сырдария агротехникалық колледжінің «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында 25 адам газ-электр дәнекерлеуші мамандығын игеріп жатыр. Қазір өндірісте де, шаруашылықта да дәнекерлеуші мамандарға сұраныс артуда.

Ауданның әр ауылынан мамандық алу үшін келген азаматтарға стипендия төленеді. Жолмақс мен тамақ мәселесі де шешілген. Күрс оқушылары қажеттіліктеріне орай жатақханамен де қамтылған.

– Республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, өндірістік тәжірибеде қолданылатын заманауи құрал-жабдықтар мен арнайы киім алынды. Қазір қысқармазиді.

ХАБАРЛАМА

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «Қолжаң» ЖШС «Солтүстік Батыс Қызылқиян кенішіндегі мұнай жинау жүйесі. №№113, 114, 239 ұңғымалардан аралық құбырлар



күрстың теориялық кезеңі аяқталып қалды. Енді өз күндіз оқушылар тәжірибе жинауға жіберіледі, – дейді колледж директоры Д.Қожақметов.

тарту», «Солтүстік-Батыс Қызылқиян кенішінде су айдалмау жүйесі. №115, 219 ұңғымаларына су айдалмау құбырларын тарту» және «Түзқол кені орынындағы Белқұдық №№1, 4, 8 ұңғымаларға кірме автожолдар тарту» жобалары бойынша қоғамдық пікірлі тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к. 13 мекенжайында және Azhymurat. Orazbayev@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

ЖАН ӘКЕ, ЖАТҚАН ЖЕРІҢ ЖҰМАҚ БОЛСЫН



Осыдан тура бір жыл бұрын Сыр еліне есімі таныған азамат, өмірбойы өзгелердің саулығы үшін күш-жігерін, аялы жүрегін дөру қылып, абыз жан атанған асыл жар, әзиз әке, ардақты ата Болат Бекназарұлы Оспанов ақыр сапарына аттанып кете барды.

Қайран дүние, жан әкеміз жазымызды сағынышыммен сыздапты, сағымыз айналған бейнесімен жадымыздан ешпашан өшпек емес. Міне, жүзін бүлтпен тұмшалаған тағы көктем айы туды. Ауаулы жаныңа орнын ешпегенмен толтыра алмай, сапарға кеткен секілді сәт сайын аялаңдап отырғанымыз мынау. Жұрт қатарлы асқар таудай тұлғамызды төредей қалып төрте отырғызып, Пайғамбар жа-сына жеткен қуанышын атап өте алмадық.

Алланың жазуынан озу жоқ.

Болат Бекназарұлы 1954 жылы 20 ақпанда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Мектептен соң Алматы мемлекеттік медицина институтын тереңдет-дәрігер мамандығын алып шыққан. 1979 жылдан бастап, құрметті демалыс шық-қанға дейінгі бүкіл өмір жолын медицина саласына арна-ған. Қызылорда қаласындағы желел жәрдем станциясында, 1982 жылы осы саланың білікті маманы ретінде жаңадан

ашылған №1 желел жәрдем бөлімшесінде 33 жыл бойы бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. «Авиация» медициналық мекемесінде дәрігер, жоғары білікті денсаулық сақтау ұйымдастырушысы, Пеицхикалық жүйке-аурулары интернатында дәрігер болып, абыройлы еңбек етті.

Біз өнегелі өміріңді өзімізге үлгі тұттып, сіздің перзентіңіз болғанымыз үшін мақтанамыз. Дұғадан іздеп, Алладан шапағат тілейміз.

Өмір жылжып барары іздеткен бақ. Тіршілікке тәубеміз ізгі еткен бақ. Көл жамыз құдайдан мейірім сұрап, Сағынамыз, сағамызда сіз кеткен жақ.

Мын жасар ұрпағына шуақ көтесін. Көздерін пейіштің бұлақ болсын. Жаратқанын жарылық тілеудеміз. Жан әке, жатқан жерің жұмақ болсын.

Б.Бекназарұлының жылдық асы 13 сәуір күні сағат 12.30-да «Empire-M» мейрамханасында берілетінін барша ағайынға хабарлаймыз.

Еске алушылар:

жұбайы, балалары, бауырлары.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық

басшыларына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысқа болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің ұжымы департамент басшысы Серік Жолдасбекұлы Мұстафаевқа әкесі **Жолдасбек Мұстафаевтың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Мұстафаев Серік Жолдасбекұлына әкесі **Жолдасбек Мұстафаұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Аймақта алғаш рет Астана қаласының 20 және Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай облыс әкімінің кубогы үшін «Qyzylorda open – 2018» атты халықаралық балдық би фестивалі өтті. Қатысушыларға облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов тілек-тестік білдірді. Би байқауының мақсаты – облыста балдық би өнерін дамыту, талантты жастарды қолдау. Фестивальға Грузия, Белоруссия, Украина, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінен және еліміздің облыстарынан 500-ге тарта биші қатысты. Байқау төрт кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде – 92, екінші кезеңде – 138, үшінші кезеңде – 15, төртінші кезеңде 82 жұп бақ сынасты. Өнер көрсетушілердің жас шамасы 4-25 жас аралығында.



Әдемілік пен шеберлікті үйлестіретін балдық билің де бірнеше түрі болады. 1920 жылы Англияда қалыптасқан бұл билің түрлері іштелде аса танымал.

Халықаралық деңгейде турнир өткізудегі мақсатымыз – облыста балдық би деңгейін көтеріп, жастарды ынталандыру. Ол латын-америкалық және еуропалық деп екіге бөлінгенмен, әрқайсысы

тағы да бес түрлі биден тұрады. Ерекше қуанатын жағдай, халықаралық балдық би байқауы белгілі мерейтойларға орай, облыс әкімдігінің қолдауымен тұңғыш рет өткізілді. Шетелдің талантты жастары

Қызылордада бас қосты. Фестивальда Сыр елінің жастары оннан аса алтын медаль иеленді. – Бүгін өнерге, мәдениетке деген үлкен қолдауды сезіндік, бұл өнерлі жастарға серпін береді. Балдық би –

спорт пен ғылым, мәдениет пен әдептілік тәрбиесін тоғыстыратын ерекше өнер, – дейді қаладағы «Алекс» өнер мектебінің директоры Елена Ким.

Фестивальда бишілердің өнерін Дондағы Ростовтан келген Мария Кривко мен ҚР Ұлттық би кеңесінің президенті Игорь Ким бастаған 24 қазы бағалады. Би байқауында көбелекше қанат қағып, бала қылығымен баурайтын бүлдіршіндер көп болды. Өнер әлемінде бірнеше белесті бағындырып үлгерген жас өнерпаздың бірі – Гүлбану Ерсайын. Ол фестивальда алтынмен қатар, күміс алқаны да еншіледі. Он үштегі талантты қыз Тараз қаласының келіпті.

– Би билеуді үйренгеніме 8 жыл болды. Бүгін серіктесім екеуіміз латын-американдық және стандартты би биледік. Қатысушылар арасында отыздан аса тараздық бар, көбі Қызылорда қаласына алғаш рет келді. Бұл жердің атмосферасы ұнады, еркін әрі қобалжымай би биледік. Болашақта балдық би түрінен кубок аламын, – дейді ол.

Би фестивалі еліміз бен көрші мемлекеттен келген би топтарының тәжірибе алмасып, рухани байланыс орнатуына мүмкіндік берді. Шара соңында барлық қатысушылар марапатталып, естелік сыйлықтар табыс етілді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Қазақтың бір өнері – кілем тоқу. Ұлттық қолөнердің бұл түрі облыста қаншалықты дамыған? Оның қандай түрлері бар? Қазіргі күні қандай технологиялар қолданылады? Осындай сансыз сұрақтарға жауапты аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығы ұйымдастырған баспасөз турында алдық. Сырдария ауданының Айдарлы ауылына сапар барысында біз отбасылық үлгідегі «Атамекен» балалар ауылының тәрбиеленушілерімен бірге шебер Роза Әлбатырованың түкті кілем тоқу цехын аралап, көне өнердің тарихына бойладық.

ТҮКТІ КІЛЕМ – КӨНЕНІҢ КӨЗІ



келеді. Ұлттық бояуы бар төл өнімдерімізді тұтына білсек, жеткілікті деңгейде насихаттай білсек, ұтқанымыз. Ұрпақ сабақтастығын өрбіту деген осы. Мен үшін басты мақсат – ақша табу емес, құндылықтарымызды насихаттау. Білсем, көрсем, үйренсем деушілерге де есігіміз ашық. Қазір цехта 12 қызметкер бар. Тапсырыс көлемі артып келеді. Демеуші көмегімен қала орталығынан да бір цех ашуды жоспарлап отырмыз, – дейді Р.Әлбатырова.

дамдылыққа баулитынына бір рет көз жеткіздік. Арамыздан бұл іске қызығушылық танытып, болашақта кілем тоқуға ниеттілер де табылды.

– Қолөнерге көптен қызығамын. Алайда, кілем тоқу жайлы бұрын ойламаппын. Бүгінгі шеберлік сағатынан соң біраз идеялар келіп отыр. Алдағы уақытта осы іспен айналыссам деген ой бар. Себебі, ұлттық ерекшелікті дәріптейтін сапалы дүниелер өз құндылығын жоймайды, – дейді «Атамекен» балалар ауылының тәрбиеленушісі Нұршат Нұршанова.



Ұршықты шыр көбелек айналдырып, кілем тоқығанда қолы-қолына жүкпайтын Роза Әлбатырова бұл өнерді бала кезінен меңгеріпті. Анасы үйреткен. Алдымен жүнді сабап, одан соң іріп, түрлі түске бояйды. Сосын өрнек салып, тоқиды. Оның айтуынша, қазір кілемді қолмен де, заман ағымына сай арнайы құрылғылардың көмегімен де тоқуға болады.

– Кілем үй ішіне сұлулық та, жылулық та сыйлайды. Жайсаң, төсек, ілсен суреттей сыр ақтарып тұратын сиқыры бар. Көз майын тауыса отырып, өрнектейсін. Оның үстіне қазақы оюды кілем бетіне өзіндік мазмұнына сай түсіреді. Бұл кәсіппен айналысқанымызға 8 жылдай уақыт болды. Бірақ, кілем тоқуға тек кәсіп ретінде ғана емес, жүрек қалауы ретінде қараймыз. Ең бастысы, ұлттық өнерді жаңғыртып, осы дүниені бренд ретінде қалыптастырғымыз

Кәсіпкер бойжеткендерге кілем тоқудың қыр-сырын таныстырып, шеберлік сабағын өткізді. Тоқу ісінде қолданылатын станок қарапайым екен. Ал, негізінен ол кілемнің көлеміне қарай жасалады. Тікелей ілінген жіп – арқау, жоғары-төмен түсіріп отыратын белдеу ағаш алдарғы аталады. Арқау жіптің астынан алынған өрнекті шатыс деп айтады, бұл арада бойлардың ерісі мен қарсысы ауысып тоқылып отырады, яғни тоқыма жіпті күршекепін іліп алып, ортасынан өткізгенде өзінен өзі байланып шығады. Жіпті кесіп алып, өрнектің үстіне тоқпақпен ұрып, арқау жіпке қысады. Кілемге салынатын ою-өрнекті қағазға салып алады да, ілмекті санап отырып, кілемге бейнелі салып шығады. Осындай күрделі жұмыс процесімен бастан-аяқ танысқандықтан, тоқыма өнерінің ұқыптылыққа үйретіп, шы-

Қызықты өткен шара соңында Р.Әлбатырова ісмерлікке жақын қыздарға арнайы дайындаған сый-сиянатын ұсынды. Ұлттық дәстүрге жанашыр болуға, қазақтың ұлттық дүниелерін, оюлы кілемдерін әлемге паш етуге шақырды. Шынында да, көрген көздің жауын алып, таңғалдыратын оюлы кілемдеріміз – халқымыздың мақтанышы, ертеңгі болашақ үшін баға жетпес мұра болып қала береді. Ал, оны брендке айналдыру – өз қолымызда!

Мәлідр ҚАЛЫМБЕТ,
Н.НҰРЖАУБАЙ (сурет).



ФОРУМ

ЖАС САҚШЫЛАР ЖҰМЫСЫ ЖАНДАНУДА

Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен №10 дарынды балаларға арналған облыстық “Білім-инновация” лицей интернаттында “Полицияның жас көмекшілері” отрядының І облыстық форумы өтті. Шараға облыстық ішкі істер департаментінің, денсаулық сақтау, білім, есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармалары мен “Жастар ресурстық” және “Сыр ұлдары” орталықтарының, “Қызыл ай” қоғамының өкілдері қатысты.

Форумның басты мақсаты – білім және тәрбие беру бағытында мүдделі мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен серіктестікті дамыту, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және құқықтық сана-сезімін арттыру. Шара алдымен “Менің елімнің болашағы – менің қолымда” атты құқық бұзушылықтың, нашакорлық пен зорлық-зомбылықтың алдын алуға арналған көрмеден бастау алды. Онда оқушылар өз ойларынан туындаған суреттерін көпшілікке ұсынды. Әрбір суретте жастарды теріс қылықтардан аулақ болуға шақыратын өзіндік бір идея бейнеленген.

Форумда облыстық білім



басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ақзира Қасымова қатысушыларды құттықтады.

– Бүгінгі форумның барша жастар үшін маңызы зор. Себебі, “Полицияның жас көмекшілері” жасағына өткен әрбіріміз жастар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға игі істер атқарып қана қоймай, ел жастарына үлгі бола білдініздер. Елбасы “Аға ұрпақтың өнегесі, орта буынның ерен істері және жастардың арасында сабақтастық болса ғана, біз мәңгілік ел боламыз” деген еді. Мектеп қабырғасындағы жас сақшылар мен аға буын

сақшылары арасындағы осындай байланыс жас ұрпаққа ұлағатты тәрбие беруде жақсы бастама болып отыр. Бұл бастама бұдан әрі де жалғасын табады, – деді ол. Шара барысында жасақшылардың құрамы толысып, бірқатар жастар мүшелікке қабылданып, оларға төсбелгі тағылды. Өз кезектерінде мүшелікке жаңадан қабылданған оқушылар ант берді.

Жиын соңында әннен шашу шашылып, үздік эссе, плакат пен фотосурет байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
“Сыр бойы”.

ШАРА

ТЕАТРДЫҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ

«Адам бүгін театрға ертең адам болып қалу үшін барады» деген қа-надалық режиссер Робер Лепаж. Расында, сан түрлі өнердің басын қосқан театр өлемінен жан дүниемізді мазалайтын өмірлік сұрақтардың жауабын табамыз. Мұнда бір уақыт келіп өзін іздеуді, рухани мінез-құлқын тануды өркім парыз санайды.

Жуырда біз де Н.Бекжанов атындағы облыстық музыкалық драма театрында болдық. Өнердің қара шаңырағы төл мерекесін, Халықаралық театр күнін тойлағалы жатыр екен. Шынайы өнерді сағынатын жұртшылық бұл күнді асыға күткені рас. Сахна-ның безендірілуі де көптің көңілін

БАҒБАН ҚАЖЕТ

Қызылорда қаласы, С.Бейбарыс көшесінде орналасқан мекемеге сәуір-қазан аралығында маусымдық жұмысқа гүл өсіруші, ағаштарды күтіп-баптаушы бағбан қажет. Жалақысы – 45000 теңге. Байланыс тел.: 8 777 451 91 05.



көтерді. Салтанатты кештің шымылдығы театрда қызмет атқарған ардақты ардагерлерді еске алумен ашылды. Содан соң ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек

Мұхамедияұлының және облыстық мәдениет басқармасының басшысы Мира Рахымжанқызының, басқа да театр ұжымдарының арнайы құттықтаулары оқылды. Мерекелік шарада жыл көлеміндегі театр спектакльдеріне тұрақты көрермен болғаны үшін Алматы Шалқарбаев, театр өнері туралы үздік ви-

део түсірілімдер жасағаны үшін «QYZYLORDA» телеарнасының операторы Ахан Әлиев марапатталды. Сахна шеберлерінің өнердегі өмірі туралы үздік мақалалар жариялағаны үшін әріптесіміз Назерке Саниязова да «Театр өнерін насихаттаушы» аталымын иеленді. Сондай-ақ, артист Якуда Халықұлов атындағы ауыспалы жүлдені артист Қанат Архабаев, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Әлия Арысбай атындағы ауыспалы жүлдені Ақтолық Төлеуова, Қазақстанның халық артисі Серік Шотыков атындағы ауыспалы жүлдені Мәдениет саласының үздігі Бақытбек Темірбеков еншіледі. Мерекесі кезінде марапат пен қошемет театр ұжымына, оның жанашырларына арналды. Бұл қазіргідей ғаламтор мен кино дамыған уақытта театрмен теңдестірін өнер жөк екенінің дәлелі болса керек.

Мәлідр ҚАЛЫМБЕТ,
Н.НҰРЖАУБАЙ (сурет).

Кезекші редактор **Ғазиза ӘБІЛДА.**

Меншік иесі СЫРБОЙ МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36 БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17	Бас редактордың орынбасары – 70-00-43 Жауапты хатшы – 70-00-81 Бөлімдер: руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41 экономика – 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат – 70-00-73 жарнама – 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38, компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34	Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. “АҚ” - ақылы қызмет.	Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 30304 Тапсырыс №490
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.			e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz		